

поэтичность в предложениях, как и должно быть в стихах. Это, по всей видимости, одна из причин, почему выбрали синодальный перевод в качестве дубляжа.

Современный перевод, в отличие от синодального, также прост и ясен для понимания, как и английский перевод, но в нем отсутствует поэтичность, которая есть в синодальном переводе. Также в современном переводе все упоминания о Боге написаны с прописной буквы.

В синодальном и современном переводах все предложения стоят в настоящем времени.

Во всех переводах липсинг был достигнут на уровне слогов: 111 в английской версии перевода, 130 в синодальной версии, и 144 в современном переводе. Это, возможно, является второй причиной выбора синодального перевода. Хотя разница слогов между синодальным и современным переводами небольшая.

В синодальном переводе порядок и последовательность предложений почти идентичен с английским переводом, в то время как в современном переводе есть множество перестановок частей предложения, порядка слов в предложении, и их последовательности между собой. Это уже третья возможная причина выбора синодального перевода в качестве дубляжа.

Список использованных источников

1. Переводы Библии [Электронный ресурс]: Википедия. Свободная энциклопедия // Режим доступа: https://ru.wikipedia.org/wiki/Переводы_Библии_свободный.
2. Синодальный перевод [Электронный ресурс]: Википедия. Свободная энциклопедия // Режим доступа: https://ru.wikipedia.org/wiki/Синодальный_перевод_свободный.
3. Синодальный перевод отрывка стиха из Ветхого Завета при синодальном переводе [Электронный ресурс]: Библия онлайн. Все о Библии // Режим доступа: <https://allbible.info/bible/sinodal/isa/40> свободный.
4. A fragment of a poem from Old Testament [Электронный ресурс]: Bible by Faithlife. Библиотека // Режим доступа: <https://biblia.com/bible/nkjv/isaiah/40/28-31> свободный
5. Фильм “По соображениям совести” (Hacksaw Ridge) [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://rezka.ag/films/drama/22757-po-soobrazheniyam-sovesti-2016.html>, 4.09.2016, свободный.
6. Современный перевод на русский отрывка стиха Ветхого завета [Электронный ресурс]: Библия онлайн. Все о Библии // Режим доступа: <https://allbible.info/bible/modern/isa/40/> свободный.
7. Tired vs Weary - What's the difference? [Электронный ресурс]: WikiDiff. Английский толковый словарь // Режим доступа: <https://wikidiff.com/tired/weary> свободный.
8. Difference between Strength vs Power? [Электронный ресурс]: Askanydifference. Английский сопоставитель слов // Режим доступа: <https://askanydifference.com/difference-between-strength-and-power> свободный.

УДК 16.01.33

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАДАҒЫ СИПАТЫ

Сариева Лаура Қуантайқызы

Lsk_se@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 1-ші курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Сәтенова С.К.

Халықаралық байланыстардың дамуы нәтижесінде және олардың күшеюіне байланысты аударма қызметі үлкен ауқымға ие болуда. Яғни қоғамның саяси- экономикалық, мәдени-әлеуметтік, ғылыми және басқа да қарым-қатынастарына қызмет ету құралы ретінде аударманың рөлі айрықша артып келеді.

Бүгінгі таңда ағылшын тілі әлемдік экономика мен халықаралық қатынастардың әмбебап тілі рөліне басты үміткер болып табылады. Экономикалық бағыттағы ағылшын тілді мерзімді басылымдар әлемде орасан зор табысқа ие болып отырғанымен, олардың өзге елдерге жеткізілуі тек аударма тілі арқылы жүзеге асырылады.

Экономикалық терминологияны аудару саласындағы зерттеулер адекватты аудармаларға қол жеткізуге, көптеген қолданбалы мәселелерді шешуге ықпал етуге және экономика ғылымының соңғы жетістіктері саласындағы ақпарат алмасуды жеделдетуге бағытталған маңызды да өзекті міндет болып табылады.

Әлемдік қауымдастықтағы ақпаратты таратудың, ақпарат алмасудың тәсілі ретіндегі экономикалық мәтіндерді сауатты аудару маңыздылығы артып отыр. Мақаланың мақсаты

экономикалық терминдердің ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылу ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің дереккөзі ретінде мақалада ағылшын-орыс және орыс-қазақ тілдері экономикалық сөздіктері алынды. Ағылшын-қазақ тіліндерінің дипломатиялық терминдер сөздігі қолданыста ұшыраспайды. Сондықтан үш тілдік тіларалық сөздіктер пайдаланылды.

Экономикалық терминдерді аударудың өзіндік қиындығы болады. Л.Л.Нелюбин атап өткендей, басқа елдің экономикалық жүйесі туралы бастапқы білімнің болмауы, ондағы бар шындықты білмеу терминдерге тән ұғымдарды дұрыс түсінбеуге, демек, сапасыз аудармаға әкелуі мүмкін. [1]

Терминдерді аударудың негізгі әдісі – лексикалық баламасын қолданып аудару. Эквивалент дегеніміз – шетел сөз-терминінің мағынасымен толық сәйкес келетін тұрақты лексикалық сәйкестік. Аудармада ана тілінде баламасы бар терминдер маңызды рөл атқарады. Олар мәтінде анықтамалық нүкте ретінде қызмет етеді, басқа сөздердің мағынасын ашуына көмектеседі, олар мәтіннің табиғаты мен кәсібилігін анықтауға мүмкіндік береді.[2]

Экономикалық жүйелер арасында елеулі құрылымдық айырмашылықтардың болатыны белгілі, сондықтан экономикалық бірліктердің баламасын өзге елден табу оңай емес. Көптеген экономистер кейбір терминдердің аударуға келмейтінін атап көрсетеді және оларды екінші не үшінші тілге жеткізуде кірме элементтер немесе калька тәсілі қолданылатынын айтады [3].

Әдетте, аударма жасау барысында аудармашы дұрыс таңдауды растайтын экономикалық термин мен мәнмәтіннің сәйкес баламасын табу үшін екі тілді немесе көптілді электронды сөздіктерді пайдаланады. Егер баламасы болмаса, онда сипаттама (түсіндірме) аударма қолданылады немесе термин түпнұсқа мәтіннен өзгеріссіз алынады.

Экономикалық мәтіндерді аудару арнайы лексиканы білуді талап етеді, оның мағынасын қажет болған жағдайда арнайы сөздіктер мен анықтамалықтардан табуға болады.

Мысалы, «shareholder» термині дәнекер тілге акционер деп аударылған сәйкесінше қазақ тіліне де «акционер» деп ұсынылған.

Экономикалық мәтіндерді аудару кезінде ұйымдардың аббревиатуралары мен атауларын көп кездестіреміз. Қысқартылған сөздерді аударудың бірнеше жолы бар.

-Осы аббревиатураның негізінде жатқан сөздің немесе сөз тіркесінің аудармасы.

Мысалы, GDP (gross domestic product) қазақ тіліне ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) деп аударылған.

-Эквиваленттерді пайдалану

Мысалы, G7(Group of Seven) қазақ тіліне «Ірі жетілік» деп аударылған.

Экономикалық терминдерді аударудың басты ерекшелігі экономикалық лексиканың бірнеше аударма нұсқаларының болуы. Бұл экономикалық терминдерді бір мағыналы аударма және аралас аудармаға бөлуге мүмкіндік береді.

Бір мағыналы аударма терминдер – тілде бір ғана аудармамен берілетін терминдер. Аралас аударылған терминдер – аударма тіліне бірнеше нұсқамен ұсынылатын терминдер. Бірыңғай аударылатын бірмағыналы терминдер негізінен халықаралық терминологиялық лексикаға жататын терминдер болып есептеледі. [4]

Бір мағыналы аударма экономикалық терминге мысал ретінде төмендегі терминдерді келтіруге болады: 1 кесте

Ағылшын тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі
Англо-русский словарь экономических терминов[5]	Termincom.kz[6]	
Deficit	Дефицит	Дефицит, тапшылық
Devaluation	Девальвация	Девальвация, құнсыздану
Infrastructure	Инфраструктура	Инфрақұрылым
Taxpayer	Налогоплательщик	Салық төлеуші
A letter of credit	Аккредитив	Аккредитив
Interest-bearing deposit	Процентный вклад	Пайыздық үлес
Solvency	Инфляция	Инфляция
Deflation	Платёжеспособность	Төлем қабілеттілік
Exchange risks	Обменные риски	Валюталық тәуекелдер

Берілген үзінділерден көрініс табатындай, түпнұсқа тіліндегі терминдер дәнекер тілде де, аударма тілінде де бір мағынаға ие. Ал аударма жайына келетін болсақ, біздің пікірімізше *Deficit* және *Devaluation* терминдерінің қазақ тіліне аударылғанда *тапшылық* және *құнсыздану* деп берілуі ұлттық тілдегі сөздік қордың жеткілікті екендігін танытады. Сонымен қатар қазіргі сөздіктерде беріліп жүрген екі түрлі нұсқаның орнына тапшылық және құнсыздану сөздерін термин ретінде қалыптастыруға болады деп ойлаймыз. Яғни, белгілі бір терминнің жарыспалы қолданысынан гөрі нақты бір атаудың қалыптасқаны ұтымды болар еді деп ойлаймыз.

Аралас аудармалы экономикалық терминге мысал ретінде төмендегі терминдерді келтіруге болады: 2 кесте

Ағылшын тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі
Англо-русский словарь экономических терминов	Termincom.kz	
Account	1)Счет; запись на счет;	1)Шот; шот енгізу;

	Отчет (финансовый); Период, когда биржевые сделки заключаются с закрытием позиции расчетный день; Запись брокера о сделках, совершенных по поручению клиента;	2) Есеп (қаржылық); 3)Биржалық мәмілелердің сжабылу кезінде, есеп вайырысу күніндегі позициялар; 4)Брокердің клиенттің тапсырмасы бойынша жасалған мәмілелер туралы жазбасы;
“Corporation”	Объединение; Корпорация; 3)Американское акционерное общество	Бірлестік; Корпорация; Американдық акционерлік қоғам;
Interest	Процент Доля	Пайыз Үлес

Экономикалық терминдерді аударма тәсілдерінің ішінде, әсіресе транслитерация/
транскрипция және калькалау әдістері басымдық танытады. Атап айтқанда:

Транслитерация/транскрипция әдісі: 3 кесте

Ағылшын тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі
Англо-русский словарь экономических терминов	Termincom.kz	
<i>Brexit</i>	Брексит	Брексит
<i>Monte dei Paschi di Siena Bank</i>	Банк Монте дей Паски ди Сиена	Монте дей Паски ди Сиена <i>Банкі</i>
<i>Special Systems Industry</i>	Спешэл системз индастри	Спешэл системз индастри (<i>Арнайы жүйелер өнеркәсібі</i>)
<i>SWIFT</i>	СВИФТ	Дүниежүзілік банк аралық қаржы телекоммуникациялары қауымдастығы
<i>Rent</i>	Рента	Рента
<i>Deposit</i>	Депозит	Депозит
<i>Index</i>	Индекс	Индекс

Мұндағы Brexit «Британия» сөзінің алғашқы екі әрпі мен «шығу»(exit) сөзінің қосындысы арқылы жасалып, қазақ тіліне «Брексит» деп аударылған.

Спешэл системз индастри термині көпшілікке түсінікті болмауы мүмкін. Сол себепті, қазақ тіліне аударылғанда «Арнайы жүйелер өнеркәсібі» деп берілуі орынды деп ойлаймыз.

Ағылшын тілі	Қазақ тілі
Қаржы энциклопедиясы [7]	
CIF	СИФ

FOB	ФОБ
Incoterms	Инкотермс

CIF - экспорттық келісім-шарттардың негізгі шарттарының бірі, оған сәйкес сатушы тауарды межелі портқа дейін тасымалдау шығындарын төлейді және оны алушыға меншік құқығы ауысқанға дейін сақтандырады;

FOB - сатушы тауарды өз есебінен жеткізуге және оларды кемеге тиеуге міндеттенетін шарт;

Incoterms - Сауда терминдерін түсіндірудің халықаралық ережелері.

Калькалау әдісі экономикалық терминдерді аударудағы бірден-бір белсенді әдістердің қатарына жатады. Мысалы: 4 кесте

Ағылшын тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі
Англо-русский словарь экономических терминов	Termincom.kz	
Mortgage tax	Ипотечный налог	Ипотекалық салық
Acquisition price	Цена приобретения	Сатып алу бағасы
Income statement	Отчет о доходах	Кірістер туралы есеп
Retail branch network	Сеть розничных филиалов	Бөлшек сауда филиалдар желісі
High developed countries	Развитые страны	Дамыған елдер
Underdeveloped countries	Развивающиеся страны	Дамушы елдер
Financial crisis	Финансовый кризис	Қаржылық дағдарыс
World market	Мировой рынок	Әлемдік нарық
Depositor	Вкладчик	Салымшы
Capital productivity	Фондоотдача	Қор қайтымы
World Bank	Всемирный Банк	Дүниежүзілік банк
Terms of delivery	условия доставки	Жеткізу шарттары

Терминдерді аудару барысында олардың қолданылу аясы мен мәнмәтіннің, сөз тіркестері тұрғысынан компоненттер арасындағы мағыналық байланыстарды да ескеру қажет.

Бөлшек сауда филиалдар желісі аудармасында филиал сөзінің бөлімше деп берілмеуіне назар аудару қажет. Біздің ойымызша экономикалық, қаржылық салада филиал сөзінің қолданыста болуы орынды. Ал мемлекеттік мекемелерді, яғни, аурухана немесе полиция мекемелеріне қатысты бөлімше деп айтылуы дұрыс деп санаймыз.

Қорытындылай келе, экономикалық мәтіндерді/терминдерді аударуда бірқатар ерекшеліктердің орын алатыны анықталды. Біріншіден, экономикалық саладағы терминдер аударма тілінде бірмағыналы және көпмағыналы болып келеді. Екіншіден, терминдердің қолдану аясына қарай мағынасының түбегейлі өзгеріске ұшырауы жиі кездеседі.

Аударма кезінде басты ескерілетін жағдай аудармашының экономика саласындағы дүниетанымының кең болуы қажет екенін және бұл экономикалық терминдер мен олардың аудармасын білуді ғана емес, сонымен қатар, негізгі экономикалық заңдар мен реалииді де ескеруі тиіс. Аудармашының міндеті – түпнұсқа мәтіннің мағынасын оқырманға барынша толық және дәл жеткізу.

Экономикалық мәтіндерді/терминдерді аудару барысында қиыншылықтар туындаса, аудармашы әртүрлі экономикалық сөздіктерді пайдалануы керек, сонымен қатар осы саладағы мамандардан кеңес алып отырғаны жөн болар еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нелюбин Л. Л. Введение в технику перевода (когнитивный теоретико-прагматический аспект): учеб. пособие. М.: Флинта; Наука, 2016. 216 с.
2. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода: проблемы переводоведения в освещении зарубежных ученых. - М., 1999.
3. Хометковская Л. Г. Instruments terminologiques informatises: avantages et qualite. В: Сборник статей научной сессии XIII Невские чтения «Язык и общество: проблемы, поиски, решения». - Санкт-Петербург: Невский Институт языка и культуры, 2011, - С. 237-247.
4. Шулюкина Т. С. К вопросу перевода экономических терминов (на материале английского и русского языков) [Электронный ресурс]
5. Англо-русский словарь экономических терминов онлайн (slovaronline.com) [Электрондық ресурс]
6. Termincom.kz [Электрондық ресурс]
7. Қаржы энциклопедиясы - Қаржылық ұғымдар мен терминдер (nesrakonk.ru)

УДК 347.78.034

ПЕРЕВОДЧЕСКИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ ПРИ ПЕРЕВОДЕ ЗАЯВЛЕНИЯ Д. ТРАМПА О ВЫХОДЕ ИЗ ПАРИЖСКОГО СОГЛАШЕНИЯ

Сарсенбаева Айым Кенжегулкызы

aimka.s@mail.ru

магистрант 2-ого курса Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан
Научный руководитель – М.Б. Амалбекова

Общественно-политические тексты — особый предмет интереса многих переводчиков. Обычно к данному типу текстов относят публикации в журналах, интернете, СМИ, а также статьи, посвящённые данной тематике [1, с. 243]. Общественно-политический текст характеризуется информативностью, наличием в исходном тексте агитационного компонента, который направлен на создание или изменение мнения людей в выгодную для оратора сторону, а также обилием языковых клише, штампов, терминов, риторических вопросов и восклицаний, эвфемизмов, оценочных слов и даже жаргонизмов и просторечий. Такой текст в какой-то степени приближен к художественному, ведь речи политиков зачастую эмоционально насыщены: в них встречаются метафоры, сравнения, идиомы, ирония, сарказм и т. д. Но при этом его основной функцией считается сообщение сведений, а не эмоциональное воздействие, значит, мы можем назвать его информативным переводом.

Суть перевода общественно-политического текста заключается, прежде всего, в том, чтобы смысл оригинала передавался адекватно и с минимальными потерями, с сохранением стиля и жанра исходного текста, с соблюдением норм языка перевода. Переводчик выбирает ту или иную трансформацию в условиях определенной коммуникативной ситуации двуязычной коммуникации, определяемой специфическими особенностями общественно-политического дискурса, «в свою очередь, определяющую характер профессионального поведения переводчика в рамках данной коммуникативной ситуации». [2, с. 172]. Целью данной статьи является исследование переводческих трансформаций на материале политического дискурса при переводе заявления Д. Трампа о выходе из парижского соглашения. Объектом работы является общественно-политический текст, предметом исследования – применение лексических,